

Бекітемін:  
Мектеп директоры Машу  
К.Кушенов  
«29» 08 2024 ж



Келісемін: Абсеіт  
Оқу жұмысы жөніндегі орынбасары  
Байжуманова М.Е  
«29» 08. 2024 ж

**Сарыөзен негізгі орта мектебінің жанынан ашылған шағын орталық «Еркетай» кіші  
тобының 2024-2025 оқу жылына арналған  
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ  
(2 жас)**

Тәрбиеші: Кушкембаева А.Е

2024-2025 оқу жылы

## Түсінік хат

2024– 2025 оқу жылында Сарыөзен негізгі орта мектебінің жанынан ашылған шағын орталық «Еркетай» кіші тобы балаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалық жоспарын құрастыруда төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарды басшылыққа алды:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1,2,3 - қосымшасы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (2022 жыл 14 қазан №422 бұйрық өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

- «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми – әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды 2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама), Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі бір жас тобында – 1 жыл. Күтілетін нәтижелері перспективалық жоспарда әр айда көрсетілген.

1. Физикалық қасиеттерді даму - дене шынықтыру аптасына үш рет
2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту - сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет күн сайын.
3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту - сенсорика күн сайын.
4. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту – сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын, музыка аптасына бір рет.
5. Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру – қоршаған ортамен таныстыру күн сайын.



Бекітемін  
Мектеп директоры  
К.Кушенов *Кашша*

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: Сарыөзен негізгі орта мектебі

Топ: «Еркетай» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

| Айы       | Ұйымдастырылған іс-әрекет                       | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері  |
|-----------|---|--|
| Наурыз    | Дене шынықтыру                                  | Домалату, лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату.  |
|           | Сөйлеуді дамыту                                 | Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тындатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру. |
|           | Көркем әдебиет                                  | Балалардың назарын бесік жырларына, халық әндеріне, ертегілерге, авторлық шығармаларға аудару.   |
|           | Сенсорика                                       | Заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.  |
|           | Сурет салу                                      | Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.   |
|           | Мүсіндеу  | Кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу.  |
|           | Жапсыру   | Қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру.   |
| Құрастыру | Қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. |  |

|                            |  |
|----------------------------|--|
| Музыка                     | <p>Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.</p>   |
| Қоршаған ортамен таныстыру | <p>Адамгершілік тәрбиесі. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Дәрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу.</p> |